

WANKAP

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ  
І.ҮРГЕНІШБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА — 100 ЖЫЛ

# ЖАДЫМДА ТҰРАР ЖАҢҒЫРЫП...

БАТЫРДЫҢ ЗАҰЫБЫ ЖӘМҮЛӘМЕН ӘҢГІМЕ (19.06.2004 Ж.)

Шырағым, ұмытып кетпәй тұрғанда алдын-ала айтып қояйың, Ідірісті еске алып, атын ұлықтап жатқан істеріңе көп рахмет! Бастаған істеріңнің Алла иінін келтірсін.

Енді Ідіріс туралы айтайың Елдің ескі дәстүрімен айтқанда, Ідірістің руы — қырғыз. Атамның аты — құдайдың өзі кешірсін — Үргенішбай, Енемнің аты — Іңкәр. Ата-енемнің бауырынан үш бала тараған. Осы үш баланың ортаншысы Ідіріс. Апасы Ісләмша, інісі Ысқақ. Атам да үш ағайынды болған. Ідірістің атасы Байтеректен үш ер бала: Үргенішбай, Дайрабай, Алтынбай. (Дайрабаев Сағидан деген Ідірістің туысқаны Талдықұмнан әскерге алынып соғыстан оралмады).

Енді өзімнің төркін жұрағатыма тоқталайын. Менің руым Төртқараның ішінде Ораз. Үлкен атам Боранбай, әкем — Құндай. Өз әкем Сәрсөбай, шешемнің аты Төлеш. Ағасына айттырған шешемді әкем өменгерлік жолмен алған. Әкем де ұзақ өмір сүрген жоқ, 40 жасында қайтыс болды. Нағашы жұртым Қаракесек.

Мен 1917 жылы Қарабұтақ ауданындағы Талдық аулында дүниеге келіппін. Сонда мен Ідірістен 5 жас кіші екенмін.

Шалқарда апамның қолында жүргенде Ідіріспен таныстым. Ол кезде жиырма жастағы бойжеткен қызбын. Оң мен солды жақсы айырамын. Жігіттің сұңқарына тап болсам деп жүрген кезім. Жігіттің аты тұлпар, иті сырттан болса деп те ойлаймын. Сөйтіп жүріп Ідіріспен көңіл қосып, 1938 жылы 20 мамырда некеге отырдық. Ідіріс мені Шалқардан атқа мінгестіріп алып шығып, қаланың сыртынан Талдықұмға екі дөңгелекті түйе арбамен алып келді. Ол да бір дәурен екен-ау... Біздің неке куәлігіміз Шалқардағы аудандық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы. Шынында Ідіріс жігіттің сұңқары болды. Өзі ерекше атты жақсы көретін. Талдықұмнан мектептің

шаруасымен Шалқарға ылғи атпен баратын. Ідіріспен атына салған ер тұрманын, мектебінің қоңырауын ел көрсін деп музейге тапсырдық.

Ідірісті 1942 жылы 4 қаңтарда Шалқардың темір жол вокзалынан шығарып салдым. Сол күні екеуіміз суретке түстік. Оның жарқ-

**КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы 1944 жылдың 15 қаңтарындағы Указымен Днепр өзенінен өту туралы командованиенің жауынгерлік тапсырмасын үлгілі орындағаны үшін және осы тапсырманы орындау кезінде көрсеткен ерекше батырлығы үшін Үргенішбаев Ідіріске Советтер Одағының Батыры атағы берілді.**

ын жүзі сол күйінде мәңгі есімде қалды.

Соғыс басталған соң жарты жылдай болғанда 1942 жылы 4 қаңтарда майданға аттанған Ідіріс «1943 жылы 2 қазанда ерлікпен қаза тауып, Гомель облысының Глушек селосында жерленді» деген — қара қағаз — хабар алдық.

Сөйтіп мен азаматымнан айрылдым. 1942 жылы 28 тамызда дүниеге келген балам Есенгелді әкесін көрместен жетім қалды. Ідіріс майданда шейіт болды. Оған елден топырақ бұйырмады. 1985 жылы келінім Зиягүл, немерелерім Арман мен Жайнагүлді ертіп, аталарының басына барып, оның қабірінің басына Талдықұмның топырағын салып қайтты. Ідіріс қаза тапқан жерінде, қарулас достарының арасында қадірлі екен. Украинаның Гомель облысының Лоев ауданының Деражичи ауылында Ідіріске ескерткіш белгі орнатылған. Ол ескерткіш қамқорлыққа алынып, үнемі күтіледі. Майдандас достары Ідірісті үнемі еске алып, ол туралы деректерді кітапқа жазып, газет-журналдарға жариялады.

Ідірістің Батыр атанған Грамотасы біздің қолимызға соғыс аяқталған соң, біраздан кейін, 1967 жылы тапсырылды. Л.И.Брежнев қол қойған Грамота қазір келінім Зиягүл мен немерем Арманның қолында.

Ідірістің ерлік ісі ілгері уақытта

елде өз дәрежесінде бағаланбады. Біз де төске ұрып ешкімнің алдына бара қойған жоқпыз. Кейіннен Ідіріске ескерткіштер орнатылып, оның есімімен көше, мектеп аталды. Осы іске мұрындық болған марқұм Жақай (Қоқанов) ініме көп рахмет. Сонымен бірге Ідіріске ескерткіш қойдырып, басқа да шаралардың жүзеге асырылуына басшылық жасаған Мәлік (Жекеев) балама алғысымды білдіремін. Құдайға еш өкпем жоқ. Көппен бірге қызық көрдім, жұрт көрген қиыншылықты бастан өткіздім. Зейнеткерлікке шыққанша колхоздың жұмысынан қалған жоқпын. Жасым биыл сексен жетіде. Басымдағы басты қиыншылық Ідірістің бел баласы Есенгелдінің дүниеден ерте менің алдымда, өткені. «Орны бар оңалады», Есенгелді мен келінім Зиягүлдің үш баласы — Арман (1972), Жайнагүл (1978) және Ботагез (1990) — менің қазіргі көз қуанышым. Немерем Арман және Гүлзина келіннен Ідірістің Наурызбек, Асылбек атты екі шөбересі бар.

Шырағым, бізге ұзақ әңгіме айтудың өзі қиын шаруа, әсіресе, Ідіріс туралы әңгіме ауыр соғады. Атым Беркін дедің ғой. Қолыңды жай Батамды берейін:

... Ия, құдайым ондасын,  
Сексен қойың қоздасын,  
Сексен түйең боталап  
Сергіз келін қомдасын.  
Жеткіс биен құлындап,  
Сенен байлық озбасын.  
Көйлегің тозбасын,  
Қарның ашпасын,  
Өкшенді дұшпан баспасын.  
Өмірің Ай мен Күндей жарқын болсын!  
Ұзақ өмірлі, бақ дәулетті  
Маң перзентті бол!  
Садақасын қабыл ет,  
Мұратын асыл ет!  
Осы берген батамды  
Бибі Бәтима анамыз  
Қабыл ет! Әумин...

Әңгімені жазып алған  
Беркін Құрманбекөв,  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің саяси-әлеуметтік пәндер кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.